

Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 15 қарашадағы N 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2087. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-07/333 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.07.2013 № 16-07/333 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Нұсқауларды ветеринариялық инспекторлардың жасау және беру Ережесі;
- 2) күші жойылды

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009.12.31 N 761 бұйрығымен.

2. Ветеринариялық департаментіне (Мыңжанов М.Т.), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары, бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте, осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдансын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары - Министр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
15 қараша 2002 жылғы
N 372 бұйрығымен бекітілген

**Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру Ережесі**

1. Жалпы ереже

1. Ветеринариялық инспекторлардың нұсқауларды жасаудың және берудің осы Ережесі (әрі қарай - Ереже), 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 18 бабының, 2 тармағының, 1 тармақшасына байланысты жасалынды және Қазақстан Республикасы аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалау жүргізетін мемлекеттік ветеринариялық инспекторлардың орындаулары міндетті, сондай-ақ жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөптер мен жемшөп қоспаларын өндіру, дайындау (сою), сақтау, өңдеу және өткізумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларда.

2. Осы Ережеде қолданылған негізгі ұғымдар

2. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер - ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар орындау үшін міндетті болып табылатын ветеринариялық нормативтер негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акті.

2) Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік - мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің олар пайдаланылатын дағдылы (белгіленген) жағдайларда жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндірмейтін к ү й і .

3) Ветеринариялық іс-шаралар - жануарлар ауруларының профилактикасын, емделуін немесе диагностикасын қоса алғанда, оның шығуын, таралуын болдырмауға немесе оны жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтыратын жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлардың және адамдардың денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, бірдейлендіру рәсімін қоса, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған індетке қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені.

4) Ветеринариялық қадағалаудағы объектілер - жануарлар, жануарлардың жыныс және дене клеткалары, жануарлар ауруының қоздырушылары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөптік қоспалар, патологиялық материал немесе олардан диагностика және ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін алынатын сынамалар, сондай-ақ судың, ауаның, топырақтың, өсімдіктердің сынамалары,

жануарларға профилактика жасау, оларды емдеу мен дауалы, жануарлар ауруларының диагностикасы, ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін пайдаланылатын ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдары, ыдыстың барлық түрлері, буып-түю материалдары, жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы қызметі, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді өсіретін, дайындайтын, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы ғылыми қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтары, өндірістік үй-жайлары мен қызметі, мал айдалатын жолдар, маршруттар, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтары, оларды бірдейлендірудің рәсімдері мен нысандары, ветеринариялық куәлік, ветеринариялық анықтама, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, сараптама актісі, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді өндіру, дайындау (сою), сақтау және өңдеу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама мен ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құжаттамалар.

5) Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер - жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, ж е м ш ө п , ж е м ш ө п т і к қ о с п а л а р ;

6) Жануарлардан алынатын өнімдер - тиісінше өңделмей тамаққа пайдаланылмайтын ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сондай-ақ бал ара ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң ө н і м д е р і .

7) Жануарлардан алынатын шикізат - жануарлардан алынатын жануарларды азықтандыруға арналған және (немесе) өнеркәсіпте пайдаланылатын тері, жүн, түк, қыл, бағалы аң терісі, түбіт, мамық, қауырсын, эндокриндік бездер, ішек-қарын, қан, сүйек, мүйіз, тұяқ және басқа өнімдер.

8) Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өз өкілеттілігі шегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік орган.

9) Индет - белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай тарауы.

3. Нұсқаулардың нысандары

3. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау кезінде, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдылықты бұзғаны үшін, тәртіп бұзылғанына қарай, заңды шаралар қолдану ретінде ветеринариялық инспекторлар келесі нұсқаулардың нысандарын шығарады:

1) ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының бұзылуын жою (Қосымша 1);

2) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама мен диагностика жүргізу (Қосымша 2) ;

3) жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау және оларды жою үшін, жануарларға профилактикалық немесе мәжбүрлі түрде вакцина егу, індет ошақтарындағы мал шаруашылығы қора-жайларында және олардың аумақтарында, қолайсыз пункттерде, көлікте, дезинфекция дезинсекция және дератизация жүргізу (Қосымша 3);

4) жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының пайда болу немесе қатер төнген жағдайларда жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне үш күннен аспайтын мерзімге, аталған мерзімде сотқа міндетті түрде талап-арыз бере отырып, сот шешімінсіз тиым салу немесе оны тоқтата тұру. Бұл орайда қызметке тиым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады (Қосымша 4);

5) ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының ветеринариялық нормативтерін бірнеше рет бұзған мамандарын қайта аттестациялау (Қосымша 5) ;

6) жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөптік қоспаларды залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өңдеу (Қосымша 6).

4. Нұсқаманы жасау тәртібі

4. Қазақстан Республикасының заңдылықтарының талаптарының бұзылғанын жою туралы Нұсқаманы заңды және жеке тұлғалардың, оларға шара қолданбаған жағдайда жануарлардың халықтың денсаулығына және экономикаға нұқсан келтіретін, жануарлардың аса қауіпті ауруларының пайда болуына, таралуына әкеліп соғуына, сонымен қатар ветеринариялық заңдылықтың талаптарын бұзғандылығы анықталған жағдайда, ветеринариялық инспекторлар толтырады.

5. Ветеринариялық инспекторлар мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудағы объектілеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама және диагностика жүргізу туралы Нұсқаманы (Қосымша 2) мынандай жағдайларда толтырады:

1) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау жүктерін тасымалдағанда, сақтағанда немесе әкелгенде орнатылған ветеринариялық-санитариялық тәртіптердің бұзылғандығына күдіктенгенде;

2) малдан өндірілген өнімдері мен шикізаттарының шығарылған жері анықталмағанда (ветеринариялық серіктестіру құжаттары жоқ болса);

3) немесе малдан өндірілген өнімдері мен шикізаттарға сараптау актісі жоқ
б о л с а ;

4) мал өнімдері мен шикізаттарының жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін объектілерімен жанасқандығына күдіктенгенде.

6. Жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау және оларды жою үшін жануарларға профилактикалық немесе мәжбүрлі түрде вакцина егу, індет ошақтарындағы мал шаруашылығы қора-жайларында және олардың аумақтарында, қолайсыз пункттерде, көлікте дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу туралы Нұсқаманы (Қосымша 3) ветеринариялық инспекторлар мына жағдайларда толтырады:

1) жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошағы пайда болғанда және оларды жедел түрде жоюдың іс-шаралары қажет болғанда;

2) қауіп төнген аумақта профилактикалық іс-шаралар жүргізу қажет болғанда.

7. Жануарлардың аса қауіпті жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың пайда болу немесе таралу қатері төнген жағдайларда жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне сот шешімінсіз тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы Нұсқаманы (Қосымша 4) ветеринариялық инспекторлар мына жағдайларда толтырады :

1) өңдеу мекемелеріне малдың аса қауіпті ауруларымен ластанған жануарлар өнімдері мен шикізаттарының қайта өңдеуге түскені байқалғанда;

2) нақты сол мекемеден шығарылған өнімдерінен адамдардың улануы туралы мәлімет түскен жағдайда ;

3) өңдеу мекемесінің аумағында жануарлардың аса қауіпті ауруының шығуы байқалғанда ;

4) шұғыл шара қолданбаған жағдайда сол объект - індеттің шығуы және таралу ошағына айналған жағдайда .

Ветеринариялық инспектор нұсқаманы берген соң, тез арада қажетті мәліметтерімен заңды және жеке тұлғалардың қызметіне қоса тиым салу немесе уақытша тоқтата тұру туралы сотқа талап-арыз береді.

8. Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының ветеринариялық нормативтерді бірнеше рет бұзған мамандарын қайта аттестациялау туралы Нұсқамада (Қосымша 5) базарлардың ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханаларының ветеринариялық мамандары 2 және одан да көп бұзған жағдайда ветеринариялық инспекторлар толтырады.

9. Жануарлардың және адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды

, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды залалсыздандыру (зарарсыздандыру), қайта өңдеу туралы Нұсқаманы (Қосымша 6) залалсыздандырылмай (зарарсыздандырылмай), немесе қайта өңдемей қолдануға болмайтын жануарлар өнімдері мен шикізаттарын, жемшөпті және жемшөп-қоспаларын, ветеринариялық препараттарды ветеринариялық инспекторлар тапқан жағдайда толтырылады.

10. Нұсқамаларда келесілер көрсетіледі:

1) нұсқама жасалынған облыстың, ауданның, қаланың, ауылдық округтің а т а у л а р ы ;

2) ветеринариялық инспектор жұмыс істейтін ветеринария саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшелерінің аталуы, мекен-жайлары, байланыс т е л е ф о н д а р ы ;

3) нұсқаманы шығарған ветеринариялық инспектордың аты-жөні;

4) заңды тұлғаның аталуы, жеке тұлғаның аты-жөні;

5) қаралған мал өнімдері мен шикізатының шыққан жері мемлекеттік ветеринариялық бақылау объектілерінің түрі, көлемі, саны;

6) мемлекеттік ветеринариялық бақылау объектілеріне серіктестірілген құжаттар туралы мәлімет, бұдан бұрын тексерілгені туралы мәлімет (бар болған к е з д е) ;

7) анықталған бұзылушылықтың түрі;

8) нұсқайтын бөлімде анықталған ветеринариялық заңдылықтың бұзылуын орнына келтіру жолдары мен тәртібі көрсетіледі;

9) нұсқауды орындау уақыты;

10) тәртіп бұзушының осы нұсқамамен танысқаны туралы белгі;

11) нұсқаманың орындау уақытын созу туралы;

12) нұсқаудың нақты орындалған уақыты;

13) нұсқама орындалмаған кезде әкімшілік жаза қолданылғаны туралы белгі.

11. Нұсқама, ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының бұзылған жерде, заңдылықты бұзған адамның қатысуымен, екі данада жасалады және міндетті түрде нұсқаманың орындалу уақыты көрсетіледі, Нұсқаманың бір данасын заңдылықты бұзған жеке немесе заңды тұлғаға береді, ал екіншісі істі бақылауға алу үшін Нұсқаманы жасаған ветеринариялық инспекторда қалады. Ветеринариялық инспекторлар, ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша, нұсқамаларды беру кезінде оларға есептілік жүргізеді және жоғарыдағы органға есеп береді.

12. Нұсқамада көрсетілген кемшіліктерді уақытында, тәртіп бұзушыға байланысты емес жағдайларда, орындау мүмкіншілігі болмағанда ветеринариялық инспектор нұсқаманың орындалу уақытын ұзартады, ол туралы нұсқамаға орындалмау себептерін көрсетіп жазады.

13. Нұсқамада көрсетілген мерзімде, анықталған тәртіп бұзылушылықты орындамаған жағдайда, ветеринариялық инспектор Қазақстан Республикасының заңдылық актілеріне сәйкес әкімшілік жаза қолдануына құқылы.

14. Нұсқаманың орындалуын қадағалау, нұсқаманы жасаған ветеринариялық инспекторға жүктеледі.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 1 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

облыс, қала, аудан, ауыл округі

| Үлгі |

ветеринария саласындағы мемлекеттік органның
аумақтық бөлімі

мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N _____

Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы
заңдары талаптарының бұзылуын жою туралы

Менің _____
мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
жеке немесе заңды тұлғаның немесе оның уәкілінің қатысуымен _____

мекеменің аталуы, мекен-жайы қызметі, аты-жөні
тексеру барысында (қарағанда) _____

өнімнің немесе шикізаттың,

ветсанбақылаудағы нысандардың аталуы
Тексеру актісі мен сараптау актісі негізінде анықтағаным _____

заң бұзушылықтың түрі

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының _____ бабын _____
тармағын/тармақшасын/ бұзғаны үшін

НҰСҚАЙМЫН:

Жоғарыда көрсетілген ветеринариялық заңнамадағы бұзылушылықты осы бекітілген мерзімде қалыпқа келтірілсін
Осы нұсқамамен таныстым, бір данасын алдым: "___"_____200_ж.
Жеке немесе заңды тұлға немесе оның уәкілі

_____ қолы _____ аты-жөні _____ айы, күні
Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзылушылықты нақты қалпына келтірген уақыты "___"_____200_ж.
Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

М.О. _____ Ветеринариялық инспектор _____
қызметі, аты-жөні, қолы
"___"_____200_ж.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 2 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

_____ облыс, қала, аудан, ауыл округі

_____ | Үлгі | _____

ветеринария саласындағы мемлекеттік органның
аумақтық бөлімі

_____ мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N_____

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне
ветеринариялық санитариялық сараптама мен
диагностика жүргізу туралы

Менің _____
мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
немесе заңды тұлғаның немесе оның уәкілінің қатысуымен тексеру барысында

_____ қызметі, аты-жөні, мекеменің аталуы, мекен-жайы
Өнімнің аталуы _____ Партияның көлемі _____,

саны, таза салмағы

түскен күні " __ " _____ 200_ж. _____
көліктің аталуы және нөмірі
мына құжаттармен серіктестірілген: _____
ветеринариялық куәліктің

_____ немесе ветеринариялық анықтаманың толтырылған күні, нөмірі
Өнім сапасының күдікті екені анықталды _____
күдіктің негізі
Өнім өндірілген _____ берілген сату мерзімі
_____ облыс, аудан немесе өндірілген ел
" __ " _____ 200_ж.

Өнімнен тексеруге алынған сынамаға акті жасалынды " __ " _____ 200_ж.
Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып

НҰСҚАЙМЫН

Өнімнен алынған сынаманы зертхана жағдайында
ветеринариялық-санитариялық сараптама және диагностика жүргізуге

з е р т т е у д і ң т ү р і

Орындалу уақыты _____
Осы жазбаша ескертумен таныстым, бір данасын алдым:
Жеке немесе заңды тұлға немесе оның уәкілі

_____ қолы _____ аты-жөні _____ айы, күні
Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзушылықты нақты қалпына келтірген уақыты, қай зертханада тексерілді _____

Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

М.О. Ветеринариялық инспектор _____
_____ қызметі, аты-жөні, қолы
" __ " _____ 200_ж.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 3 қосымша

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫ

М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

облыс, қала, аудан, ауыл округі

| Үлгі |

ветеринария саласындағы мемлекеттік органның
аумақтық бөлімі

мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N _____

Жануарлардың ауруларының шығуын болдырмау,
таратпау және жою туралы

Мен _____

мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
жеке немесе заңды тұлғаның немесе оның уәкілінің қатысуымен _____

мекеменің аталуы, мекен-жайы, қызметі, аты-жөні

Қалыптасқан эпизоотиялық ахуалды ескере отырып

НҰСҚАЙМЫН

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 18-бабының
1 тармағының 1 тармақшасына байланысты жануарлардың аса қауіпті
ауруларының пайда болуын немесе таралуын болдырмау үшін:
жануарларды төмендегі ауруларға қарсы еуге, _____

қандай ауруға қарсы

егілілетінін жазу керек

дезинфекциялауға _____

нысанды, жердің аумағы мен жасайтын жерін көрсету керек

дезинсекциялауға _____

нысанды, жердің аумағы мен жасайтын жерін көрсету керек

дератизациялауға _____

нысанды, жердің аумағы мен жасайтын жерін көрсету керек

басқа да ветеринариялық шаралар _____

шаралардың аталуы

Нұсқауды орындау уақыты _____

Осы жазбаша ескертумен таныстым, бір данасын алдым:

Жеке немесе заңды тұлға немесе оның уәкілі

қолы

аты-жөні

айы, күні

Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзушылықты нақты қалпына келтірген уақыты " __ " _____ 200_ж.
Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

М.О. Ветеринариялық инспектор _____
қызметі, аты-жөні, қолы

" __ " _____ 200_ж.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 4 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

облыс, қала, аудан, ауыл округі | Үлгі |

ветеринария саласындағы мемлекеттік органның
аумақтық бөлімі

мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N _____

Жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда,
жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының
пайда болу немесе таралу қатері төнген жағдайларда заңды
немесе жеке тұлғаның шаруашылық қызметіне үш күннен аспайтын
мерзімге, тиым салу немесе оны тоқтата тұру туралы

Мен _____
мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
жеке немесе заңды тұлғаның немесе оның уәкілінің қатысуымен _____

мекеменің аталуы, мекен-жайы, аты-жөні
тексеру актісі негізінде (ресми хабар келіп түскенде) _____

мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектісінің аталуы
онда»"Ветеринария туралы" Заң талабын орындамағандықтан аса қауіпті
жұқпалы аурулардың пайда болу /таралу/ қатері бар екенін анықтадым

Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып

НҰСҚАЙМЫН

Жоғарыда көрсетілген жануарлардың аса қауіпті ауруларын пайда болу /тарау/ (керегінің астын сызу керек) қатерін жойғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаның шаруашылық қызметіне тиым салуға /тоқтата тұруға/ _____ тәулікке (керегінің астын сызу керек)

Жөнге келтіру шаралары _____

Нұсқаманы орындау уақыты " __ " _____ 200_ж.

Сотқа арыз берген уақыт _____

Осы нұсқамамен таныстым, бір данасын алдым

Жеке немесе заңды тұлға немесе оның уәкілі

_____ қолы

_____ аты-жөні

_____ айы, күні

Соттың шешімінің шыққан күні _____

Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзушылықты нақты қалпына келтірген уақыты " __ " _____ 200_ж.

Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

М.О. Ветеринариялық инспектор _____

қызметі, аты-жөні, қолы

" __ " _____ 200_ж.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 5 қосымша

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫ

М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

_____ облыс, қала, аудан, ауыл округі

_____ | Үлгі |

_____ аумақтық

_____ бөлімінің

_____ ветеринария

_____ саласындағы

_____ мемлекеттік органы

_____ мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N _____

Ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасының
ветеринариялық ережелерді бірнеше рет бұзған мамандарын
қайта аттестациялау туралы

Мен _____
_____ мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
ветеринариялық-санитариялық сараптау зертхананы тексеру барысында _____

_____ б а з а р д ы ң а т а л у ы
оның төмендегі мамандарының ветеринариялық ережелерді бұзғанын анықтадым

_____ Анықталған ереже бұзушылықтар _____

_____ Жоғарыда көрсетілген мамандардың бұрынғы ереже бұзған уақыты _____

_____ Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып

НҰСҚАЙМЫН

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 18 бабының 1
тармағының 1 тармақшасына сәйкес төмендегі ветеринариялық мамандар
қайта аттестациялансын: _____

_____ қ ы з м е т і , а т ы - ж ө н і
Қайта аттестациялаудың мерзімі "___" _____ 200_ж. дейін
Осы нұсқамамен таныстым (к), бір данасын алдым (ық)
Ветеринариялық маман (дар) _____

_____ а т ы - ж ө н і _____ қ о л ы _____ а й ы , к ү н і
Зертхана басшысы _____

_____ а т ы - ж ө н і , қ о л ы , а й ы , к ү н і
Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзушылықты нақты қалпына келтірген уақыты "___" _____ 200_ж.
Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

_____ М.О. Ветеринариялық инспектор _____

_____ а т ы - ж ө н і , қ о л ы

_____ "___" _____ 200_ж.

Ветеринариялық инспекторлардың
нұсқауларды жасау және беру

Ережесіне 6 қосымша

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫ

М Е М Л Е К Е Т Т І К

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОР

облыс, қала, аудан, ауыл округі

| Үлгі |

ветеринария

саласындағы

мемлекеттік

органның

аумақтық

бөлімі

мекен жайы, телефоны

НҰСҚАМА N _____

Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін
жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты,
ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды
залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өңдеу туралы

Мен _____

мемлекеттік ветеринариялық инспектордың қызметі, аты-жөні
жеке немесе заңды тұлғаның немесе оның уәкілінің қатысуымен тексердім _____

мекеменің аталуы, мекен-жайы қызметі, аты-жөні

Тексеру актісі мен сараптау актісі негізінде барысында, төменгідей
жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп туғызатын жануарлар,
азық-түліктер және малдардан өндірілген шикізаттар, ветеринариялық
препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары (керегінің астын сызу
керек) бар екенін анықтадым

Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып

НҰСҚАЙМЫН

залалсыздандыруға, өңдеуге жататын өнімнің аталуы, мөлшері
Залалсыздандыруға /зарарсыздандыруға/, өңдеуге (керегінің астын сызу
керек) залалсыздандырудың, өңдеудің және одан кейін өнімнің пайдалану
тәсілі _____

Нұсқаманың орындалу уақыты "___"_____200_ж.

Осы нұсқамамен таныстым, бір данасын алдым:

Жеке немесе заңды тұлға немесе оның уәкілі

_____ қолы

_____ аты-жөні

_____ айы, күні

Нұсқаманың орындалу мерзімін созу туралы белгі _____

Заң бұзушылықты нақты қалпына келтірген уақыты "___"_____200_ж.

Нұсқаманы орындамаған жағдайда әкімшілік жаза қолданғаны туралы белгі _____

_____ М.О. Ветеринариялық инспектор _____

_____ қызметі, аты-жөні, қолы

"___"_____200_ж.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

15 қарашадағы 2002 жылғы

№ 372 бұйрығымен

бекітілген

Ветеринариялық инспекторлардың мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне беретін ветеринариялық құжаттар (ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық куәлік, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) туралы ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009.12.31 N 761 бұйрығымен.